

БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 1996 жылғы 5 қарашадағы №333 бұйрығы негізінде республика көлемінде білім берудегі жаңа технологиялардың өңірлік орталықтарын құру туралы шешім қабылданды.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 1997 жылғы 4 ақпандағы №30 шешімі және тиісті облыстық білім басқармасының 1997 жылғы 28 ақпандағы №76 қаулысы негізінде білім берудегі жаңа технологиялардың облыстық орталығы құрылды.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 1999 жылғы 6 сәуірдегі №66 шешімімен облыстық білім берудегі жаңа технологиялар орталығы облыстық орта білім беруді ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығы болып қайта құрылды.

Заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал етті. 1997 жылдан бастап оқушылар компьютерлік сауаттылықты меңгеруге қол жеткізді. 1998 жылы мектептерді компьютерлендіру мен бірыңғай білім беру ақпараттық ортасын дамытуға жауапты арнайы ғылыми-әдістемелік орталық құрылды.

2012 год - Батыс Қазақстан облыстық білім беру сапасын бағалау және ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығы

2017 год - Облыстық білім беруді ақпараттандыру орталығы

2024 год - облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы

Мемлекеттік мекеме қызметінің міндеті Батыс Қазақстан облысының білім беру ұйымдарында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы ақпараттық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің мақсаты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында балаларға қосымша білім беруді жүзеге асыру, білім беруді ақпараттандыруды дамыту, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу мен дамытуды қамтамасыз ету, жаңа технологиялар бойынша әдістемелік, ғылыми, жобалау жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру болып табылады.

Облыстық орта білім беруді ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығының бірінші директоры **Арман Қуанғалиұлы Жиенғалиев** болды.

Ақпараттық технологиялар орталығының жұмыс істеген жылдары ішінде барлығы 5 директор ауысты.

1997-2008 жж. - Жиенғалиев Арман Қуанғалиұлы

2008 - 2012 жж. - Күлжанов Асылхан Бергімбайұлы

2012-2014 гг - Кусмурзиева Эльмира Марксызы

2014 - 2018 гг. - Еркамешева Ардак Бақытқызы

2024 жылдың желтоқсанынан - Бижанов Ақан Мәлікұлы

Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылы қыркүйекте қабылдаған Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іске асырылды. Ол орта білім беру жүйесін дамытудың Мемлекеттік Тұжырымдамасы негізінде дайындалған және 5 жыл

жалпы білім беру мектептерін ақпараттандыруды ұсынды.

2000 жылдың 9 ақпанында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінде Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің алдына нақтылы міндет-«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына республиканың барлық мектептерін компьютерлермен қамтамасыз етуді аяқтау керек» деп аттап өткен болатын.

Интернет қызметін республикамыздың 504 мектебі, оның ішінде «Интернет мектептерге» ведомстволар аралық бағдарламасы іске асырыла бастағаннан бастап 307 мектепте 1996 жылы Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау мен шығарудың мақсатты бағдарламасы.

Сонымен қатар, кейбір пәндер (мысалы, информатика пәні) негізгі мектеп бағдарламасына компьютерлер, жаңа оқулықтар басқа да оқу-әдістемелік материалдар сияқты қажетті ресурстарсыз қосылды.

Осылайша, «компьютерлендіру» немесе «ақпараттандыру» сол уақытта үкіметтің тағы бір басым мақсаты болды. 1997-1998 оқу жылында 1997-2002 жылдар аралығында республикадағы барлық мектепті компьютермен жабдықтау мақсатында Президенттің «Орта білім жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы» іске қосылды.

Орта білім беру жүйесін компьютерлендіру жұмысы 2001-2002 оқу жылының басындағы Батыс Қазақстан облысының білім беру жүйесінің орта білім беру ұйымдарын компьютерлендіру Мемлекет басшысының 22.09.1997 ж. №3645 Өкімімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10.02.2000 ж. №200 «Компьютерлік техниканы мектептерге өтеусіз беру туралы» қаулысына және Облыс әкімінің 16.01.2001 жылғы Кеңесінің хаттамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің Республика Тәуелсіздігінің 10 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай республиканың барлық мектептерін компьютерлендіруді аяқтау туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде (1997-1998 оқу жылы) аудан орталықтары мен Орал қаласының базалық орта мектептері жабдықталды, ал кейінгі екі жылда облыстың орта мектептері компьютерлендірілді. Ағымдағы оқу жылында орта білім беру ұйымдарының барлық типтерін компьютерлендіру толығымен аяқталды. Қазіргі уақытта жаңа буын компьютерлік техника облыстың барлық жалпы орта білім және кәсіптік мектептерде, колледждерде орнатылды. Оның ішінді жергілікті бюджет қаржаты есебінен 170,0 млн теңге сомасына 180 компьютерлік сынып сатып алынды. Ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасын орындау барысында облыс мектебінде республикалық бюджеттен - 269, жергілікті бюджет қаражатынан-203, Азия Даму Банкінің қарызы бойынша - 146 және демеушілік көмек бойынша - 32 компьютерлік сынып жабдықталды. Қазіргі уақытта облыста бір компьютер 39 оқушыға тиесілі.

Мектептерді компьютерлендірумен қатар мектептерді Интернет желісіне қосу және орта білім беру жүйесін ақпараттандыру процесі жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Интернет желісіне 29 жалпы білім беретін мектеп, 2 колледж және 1 кәсіптік лицей қосылған. Ағымдағы жылдың екінші жарты жылдығында телефон желісін өткізу шамасына қарай облыстың барлық орта мектептерін қосу жоспарлануда. Мультимедиялық оқыту жүйелерін сатып

алу үшін облыстық бюджеттен 6,0 млн теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандырудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығымен электрондық оқулықтарды жеткізуге шарт жасалды және 2001 жылдың 2 қыркүйегінен бастап облыс мектептеріне әрқайсысы 250 данадан электрондық оқулықтардың 12 атауы жеткізілді.

Төртінші тоқсанында барлық аудандық білім беру бөлімдерімен, тірек мектептермен және эксперименттік алаңдармен электрондық байланысты қамтамасыз ететін облыстық білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін құру жоспарланған.

2009 жылы БҚО мектептерінің компьютерлік паркі 591 бірлікке толықтырылып, 8 152 компьютерді құрады (орта есеппен 1 компьютерге 11 оқушыдан, республикалық көрсеткіште 1 компьютерге 21 оқушыдан келеді).

Интернет желісіне облыс мектептерінің 100 пайызы, 21 кәсіптік мектеп (95,5%) және 14 колледж (100%) қосылған, бұл 99,8 пайызды құрап отыр, республикалық көрсеткіште 97 пайыз. Кеңжолақты Интернет желісіне ADSL технологиясы бойынша 512 кбит/с жылдамдықпен 97 мектеп (23%) қосылған. 2009 жылы облыстың 27 мектебіне Wi-Fi технологиясы бойынша сымсыз жергілікті желісімен және 16+1 үйлесімдегі ноутбукпен бірге мультимедиялық лингафондық кабинеттер (МЛК) жабдықталды, олардың жалпы саны 164 МЛК құрады (қажеттіліктен 56 %).

Сонымен қатар 29 мектепке 116 интерактивті кабинет жабдықталды, нәтижесінде олардың жалпы саны 345-ке жетті (қажеттіліктен 12%). Білім беру Web-сайттары, «ҚР Ауыл мектептері үшін қашықтан оқыту», «Интерактивтік сабақтар» жобаларын қолдау.

Жыл бойы сайт мазмұнын кезеңді ақпараттық жаңарту, жұмыс барысында кездесетін олқылықтарды жою бойынша жұмыстар атқарылатын Батыс Қазақстан облысының білім беру жүйесінің www.eduzko.kz және www.center.kz сайттарын қолдау және сүйемелдеу бойынша жұмыстар орындалды. Сонымен қатар ақпараттарға рұқсатсыз қатынауға қарсы тұратын, оны модификациялау және жою мақсатында жұмыс жасайтын бағдарламалық-техникалық құралдарды кезеңді жаңарту және орнату бойынша жұмыстар атқарылды. www.center.kz сайтының қашықтан оқыту бетінде оқу-әдістемелік материалдар орналастыру және өңдеу бойынша жұмыстар атқарылды (мұғалімдердің іс-тәжірибелері, сабақ жоспарларынан материалдар және т.б.).

«ҚР Ауыл мектептері үшін қашықтан оқыту» жобасы шеңберінде оқу-педагогикалық ақпараттардың Банкі және оқу фильмдерінің бейнетекаларын көбейту, сонымен қатар сабақтар мен түрлі сыныптан тыс шаралар өткізуде материалдарды қосымша ақпарат ретінде ары қарай қолдану үшін мектептер сұраныстары бойынша қашықтан оқытудың жерсерік арнасының оқу фильмдерін тираждау жұмыстары жүзеге асырылды. Орта білім сапасына қойылатын заман талаптары заманауи білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру мен оның әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуін қажет етеді.

Оқу үрдісіне ақпараттық коммуникациялық технологияны енгізу және білім берудің жаңа мазмұны бүгінгі күні басым міндеттердің бірі болып саналады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жылда Батыс Қазақстан облысы бойынша жалпы орта білім беретін оқу орындарының компьютерлік

техникамен қамтылуы жақсара түсті.

Компьютер мектепте сабақтың ғана емес, сонымен қатар барлық мектепшілік өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Облыс бойынша 9 оқушыға бір компьютерден келеді, 2009 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2 бірлікке өскен. Жалпы мультимедия кабинеттеріндегі компьютерлермен қоса 9352 компьютер орнатылған. 1 дербес компьютерге есептегенде, оқушылар санының төмендеуі барлық аудандар мен облыстық мектептерде тұрақты байқалады, яғни оқу орындарын компьютерлендіру үрдісі аталған аудандар мен облыстық мектептерде тиімді жүргізіліп отыр.

Білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды табысты қолдануы көбіне білім беру жүйесін компьютерлік техникамен жабдықтаумен ғана емес, компьютерлік құрылғының техникалық мүмкіндік деңгейіне де байланысты.

Компьютерлік техниканың 29 пайызы (1998-2004 ж.ж. қойылған), физикалық та, моральдық тұрғыдан ескірді, бұл облыс мектептері компьютерлік паркінің жүйелі түрде жаңартылуы қажеттілігі туындады. Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстыратын болсақ, 7,97%-ға өскен. Әсіресе Теректі (47 пайыз), Сырым (46 пайыз), Қаратөбе (41 пайыз), Зеленов (39 пайыз), аудандарында компьютерлерді ауыстыруды талап етеді. Ең төменгі көрсеткіш облыстық мектептерде, Жаңақала (47 пайыз) ауданында, Орал қаласында (14 пайыз), Бөрлі ауданында (18 пайыз). Облыстардың білім беру жүйесіне неғұрлым көп қаржы салуына байланысты, соғұрлым мектептердің компьютерлік базасы жаңарып, бір компьютерге шаққандағы оқушы саны төмендейді.

Оқушылардың жалпы орта білімді толыққанды алуына барлық жағдай жасалған, соның бірі мультимедиялық – лингафонды кабинеттер (МЛК) көмегімен визуалды көркемдеу арқылы оқушылардың берілген ақпаратты қызықты әрі тиімді игеруін қамтамасыз ету.

Облыс бойынша МЛК қамтылу көрсеткіші келесідей: жоғары нәтиже облыстық мектептер (100%), Орал қаласы (95,56%) мен Қаратөбе (60%), Жәнібек (52,94%) аудандарына тиесілі болса, төменгі көрсеткіш Тасқала (42,86%), Теректі (42,22%) және Шыңғырлау (40%) аудандарында.

2011 жылғы көрсеткіш бойынша облыс мектептерінің барлығы 100% ғаламтор тораптарына қосылған. Мектептердің 100% интернет желісіне қосылғанына қарамастан, іс жүзінде интернет мектептердің 50%-ында ғана қолданылуда. Мектептердің Интернет желісіне 100 пайыз қосылғанына қарамастан, іс жүзінде Интернет мектептердің 50 пайызында ғана қолданылуда. Бұл жағдай қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациясы және басқа да провайдерлер ұсынатын Интернет қызметтеріне қатынау мүмкіндігінің болмауымен байланысты. Аудандық білім беру бөлімдеріне провайдерлермен бірлесе отырып, ауылдық мектептерді кең жолақты Интернетке қосу бойынша жұмыстар ұйымдастыру қажет.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауында «ІТ-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет» - деп белгіленген.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту мақсатында ауыл мектептерін білім беру порталдарына, электрондық журнал мен сандық білім беру ресурстарына кеңжолақты интернет желісі арқылы қосу жұмыстары жүзеге асуда.

2001 жылы ТМД елдері арасында Қазақстан білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелері бойынша алдыңғы қатарда болды. Мысалы Қазақстанда 65 оқушыға 1 компьютерген келсе, Таджикистанда 1400 оқушыға 1 компьютер келген. Әр 5 жыл сайын мектептерді компьютерлермен қамтамасыз ету нәтижесінде 2011 жылы Қазақстанда 1 компьютер 16 оқушыға болса, Ресейде 50 оқушыға, АҚШ-та 4 оқушыға, ал Сингапурда 2 оқушыға 1 компьютерден келген. 2011 жылы республика бойынша 98 пайыз мектептер интернетке, 37 пайызы кең жолақты интернетке қосылған.

Батыс Қазақстан облысының мектептерін тәуелсіздіктің 25 жылдық кезеңінде ақпараттандыру мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ.

Мектептердің компьютерлік техникамен қамтылуы соңғы 5 жылда жабдықталған компьютерлер саны 6545 бірлік. 1 компьютерге келетін оқушылар саны орта есеппен облыс бойынша 7 оқушыны құраса, соның ішінде қала бойынша - 12, ауыл бойынша - 5 оқушы.

Облыстың 380 жалпы білім беретін мектебінің 330-ы кеңжолақты интернетке қосылған, оның 156-сы сым желілері арқылы, 174-і шектеулі трафикпен спутниктік байланыс арқылы қосылған.

Оқу үрдісінде сандық білім беру ресурстарына мектеп ғимаратының кез-келген кабинетінен интернет арқылы қатынау, электрондық журналдарды жүйелі түрде толтыру, онлайн сабақтарға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында облыстың 44 мектебі Wi-Fi құрылымдалған кабельдік жүйесіне қосылды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 380 мектеп, оның 181-і он-лайн, 199-ы оффлайн режимінде Bilimland.kz білім беру порталына қосылды. Қазіргі уақытта пән мұғалімдері сандық білім беру ресурстарын, интерактивті тапсырмаларды сабақ үрдісінде қолдануда. Облыстық білім беруді ақпараттандыру орталығының мамандарымен порталдың жұмыс жүйесі туралы консультациялық семинарлар өткізіліп, сабақ үрдісінде қолданылуы бақылануда.

Оқу барысын автоматтандыру технологияларына, он-лайн білім беру құралдарына және мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы қарым-қатынастың заманауи әдістеріне қол жеткізу мақсатында 2017-2018 оқу жылында облыстың 122 мектебі Kundelik.kz электрондық журналына қосылды.

Ал, бүгінгі таңда облыстың барлық мектебі Kundelik.kz жүйесімен жұмыстануда. 2016 жылы облыстың 133 мектебі роботты техникамен қамтамасыз етілсе, 2017 жылы 27 мектеп жабдықталған. Мектептерде «Роботты техника» элективті курсы енгізіліп, оқушылардың робот құрастыруға деген қызығушылықтары жоғарылады. Ұлттық білім беру деректер қорында облыстың 1020 білім беру ұйымы тіркелген, соның ішінде 489-ы мектепке дейінгі ұйымдар, 380-і мектептер, 4-уі жеке мектептер, 4-уі кешкі мектептер, 38-і техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, 57-сі қосымша білім беру ұйымдары, 25-і қосымша спорттық ұйымдар, 18-і арнайы білім беру ұйымдары, 5-уі жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар.

Ұлттық білім беру деректер қорына статистикалық деректердің толтырылуын сүйемелдеу бағытында білім беру ұйымдарына он-лайн консультациялар, жауапты мамандарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Облыстың білім беру жүйесінің www.edu-bko.gov.kz, www.ciso.kz сайттары жұмыс жасайды. Оқу телеарнасының www.umci.kz сайтында ай сайын облыстың білім беру саласының жаңалықтары мен оқу-әдістемелік фильмдері таратылып отырады.

Облыстың барлық білім беру мекемелері туралы мәлімет орналасқан, сондай-ақ білім саласы бойынша өзекті мәселелер талқыланатын Батыс Қазақстан облысының portal.edu-bko.gov.kz бірыңғай білім беру порталы жұмыс жасауда. Шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 2016 жылы 46 мектеп жабдықтармен толық қамтамасыз етілсе, 2017 жылға техникалық инфрақұрылым жасауға 127 шағын жинақты мектепке және 67 толық жинақты мектепке жалпы сипаттағы трансферттерден 292144,0 мың теңге қаралып, жабдықтау жұмыстары жүргізілген. Жергілікті бюджет есебінен шағын жинақты мектептерді толықтай жабдықтау үшін 71000,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінген.

Сонымен қатар Назарбаев Зияткерлік мектебі арқылы облыстың 75 шағын жинақты мектебі республикалық бюджеттен қайтарымсыз инфрақұрылыммен жабдықталған.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында өркениетті және дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық білім беру технологияларын енгізу Қазақстан Республикасындағы білім берудің ақпараттық инфрақұрылымының әлемдік білім беру ортасына интеграциялануына ықпал ететіні, әлемдік тәжірибені назарға ала отырып, білім және ғылым саласына міндеттерді шешетін цифрлық, инновациялық технологияларды енгізу қажеттігі көрсетілген. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында Батыс Қазақстан облысында білім жүйесін цифрландырудың 2017-2020 жылдарға арналған жол картасы дайындалды. Аталған жол картасында мектептердің интернет желісімен жылдамдығын көтеру және Wi-fi желісіне қосу, «Kundelik.kz» электронды журналын толтыру, ауыл мен қаланың алшақтығын жою мақсатында Bilimbook және электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету, сондай-ақ материалдық-техникалық жабдықтармен, роботты техникамен жарақтандыру мәселелері қамтылды.

Мысалы 2018 ж. 1 қыркүйектен бастап «Информатика» пәні 3-сыныптан бастап оқытылатын болады. Бұл жаңалық IT құзыреттерді, 3D-принтингті, роботтық техниканы және бағдарламалаудың өзекті тілдерін ескерумен 5-11 сыныптар үшін оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды қарастырады. Бүгін 3 мыңнан астам мектеп пен қосымша білім беру ұйымдарында (оқушылар сарайлары, дамыту орталықтары және т.б.) роботтық техникадан элективті курс енгізілді. Роботтық техниканың 400 жаңа кабинеті жеткізіліп, 704 (10%) мектепте роботтық техника клубтары ашылды. Атап айтсақ республикалық көрсеткішке назар аударар болсақ: БҚО 151 үйірмеге 2839 оқушы, Маңғыстау облысында 61 үйірмеге 2098 оқушы, 86 үйірмеге 1723 оқушы, Атырау облысында 51 үйірмеге 601 оқушы қатынасқан ал, Қарағанды облысында 278 үйірмеге 7177 оқушы, Павлодар облысында 230 үйірмеге 6916 оқушы қамтылған.

Ал, 2018 жылы облыс мектептерінің компьютерлік техникамен қамтылуы 13102 компьютерді құрайды. Соңғы 5 жылда жабдықталған компьютерлер саны 5586 бірлік. 1 компьютерге келетін оқушылар саны орта есеппен облыс бойынша 7 оқушыны құрайды, соның ішінде қала бойынша - 11, ауыл бойынша - 5 оқушы. 2017-2018 оқу жылында облыстың 364 жалпы білім беретін мектебінің 156-сы сым желілері арқылы кеңжолақты интернетке қосылған. Спутниктік байланыс арқылы кеңжолақты интернетке қосуға қаралған 208 мектептің 124-і қосылған, 84 мектеп бойынша конкурстық рәсімдер өткізілуде.

364 ЖББМ

156-сы сым желілері арқылы
кеңжолақты интернетке қосылған

208-і Спутниктік байланыс арқылы
кеңжолақты интернетке қосылған

Bilimland.kz білім беру порталына облыстың 384 мектебі, соның ішінде 203 мектеп оффлайн режимінде (bilimbox, bilimdesk құрылғылары арқылы), 181 мектеп он-лайн режимінде қосылды.

Облыстың 92 мектебі «Kundelik.kz Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» пилоттық жобасына қосылды.

Облыстың 133 мектебі роботты техниканың базалық және ресурстық жиынтықтарымен қамтамасыз етілді. 2017 жылға 28 мектепті роботты техникамен жарақтандыру жоспарлануда.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыста білім беруді цифрландыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2021 жылы облыстың 371 жалпы білім беретін мектебі 100% кеңжолақты Интернет желісіне қосылды.

Соның ішінде талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) арқылы 162 мектеп, ADSL технологиясы арқылы 37 мектеп, радиокөпір технологиясы бойынша 39 мектеп, LTE 4G арқылы 38 мектеп, сондай-ақ шектеулі трафикпен спутниктік байланыс арқылы 95 мектеп кеңжолақты Интернет желісіне қосылған. Облыстың 236 мектебі (64%) Kundelik.kz электронды журналына қосылған. Бұл мектептерде журнал толтыру 100% электронды форматта жүргізіледі. Статистикалық мәліметтердің сапалы жиналуы және жүйенің дамуы үшін Ұлттық білім беру деректер қоры қызмет етеді. ҰБДҚ-да БҚО бойынша материалды-техникалық база, кадр құрамы мен контингентке қатысты есептерді автоматты шығаруға арналған 1 034 білім беру ұйымдарының деректері автоматтандырылған.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығында облыс мектептеріндегі барлық компьютерлік техниканың ҚР БжҒМ талаптарына сәйкес келетіні 30 000 дананы құрайды. Оқу үрдісінде сандық білім ресурстарын пайдалану мақсатында облыстың 334 мектептері Bilimland.kz білім порталын пайдаланады.

BilimKids - бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған бірегей портал. Мектепке дейінгі балаларды платформаға қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін OnlineBalabaqsha.kz облыстың 228 мектепке дейінгі ұйымы қосылды. BilimCenter - оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту, деңгейін анықтау мақсатында Bilim Media Group компаниясының ұйымдастыруымен жасалған цифрлық білім беру платформасы қолға алынды. Платформада педагогтер халықаралық зерттеу бойынша курстан өтіп, тест тапсырып, шекті балл жинаған педагогтер сертификатқа ие болды. Сертификатталған педагогтер оқушыларды BilimCenter.kz платформасында халықаралық зерттеуге дайындайтын болады.

Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы педагогтердің білім деңгейін көтеру мақсатында Республикалық педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен мұғалімдерге «Қашықтан оқытуды үйренудемін» атты ашық онлайн курсы stepik.org платформасында өткізді.

Облыс бойынша 13 439 педагог қамтылып, платформада www.edu.kz облыс педагогтерінің цифрлық сауаттылығын асинхронды форматта арттыру үшін «педагогтердің цифрлық қызметін дамыту» қашықтықтан оқыту курстары жүргізілуде. BMG компаниясымен бірлесе «OnlineMekter» онлайн курсы өткізілді. Сонымен қатар Knowledge engineering компаниясымен Microsoft Teams платформасын пайдалану бойынша "Орта білім беру ұйымдарындағы қашықтан оқыту жүйесі" тақырыбында онлайн курстар және «BilimLab» ресурстық орталығымен бірлесе Білім беруді дамыту орталығының әдіскерлері облыстың барлық қашықтан оқитын мектептердің педагогтеріне OnlineMekter.org платформасын қолдануда әдістемелік көмек көрсетіп, «Қашықтан оқыту. Bilimland - онлайн мектебі» тақырыбында оқыту семинарларын ұйымдастырылған.

Жаңа коммуникативтік пайдаланудың басты мақсаты оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеру үшін оқу материалдарын практикалық жағынан тиімді ұсынуына мүмкіндік беру.

Бұл мақсатқа жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары өнімді қызмет етеді.

Облыстағы 370 мектептің барлығы 100% компьютерлік техникамен жабдықталған. Бүгінгі таңда облыс мектептеріндегі барлық компьютерлік техниканың ҚР БЖҒМ талаптарына сәйкес келетіні 25 289 дананы құрайды.

2020 жылы білім беру ұйымдарында қашықтан оқытуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражатынан 14 970 дана және жергілікті бюджет есебінен 4 449 компьютерлік техникалар сатылып алынды.

Мектептерді компьютерлік технологиямен, жаңа модификациядағы пән кабинеттерімен, интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету бір компьютерге келетін оқушылар санын 7-ден 4 адамға дейін қысқартты.

Сонымен қатар 2389 дана интерактивті тақта, 531 дана интерактивті панельдермен қамтылған.

Бүгінгі күнге облыс бойынша мемлекеттік күндізгі **365** жалпы білім беретін мектептің барлығы (100,0%) кең жолақты интернет желісімен қамтамасыз етілген.

Білім беру мекемелеріне интернет желісі **алты** түрлі технология арқылы таратылады:

Starling технологиясы арқылы – **136** мектеп (37,3%);

ТОБЖ (талшықты-оптикалық байланыс желісі) технологиясы арқылы – **184** мектеп (50,4%);

ADSL технологиясы арқылы – **2** мектеп (0,5%);

Радиомост арқылы – **21** мектеп (5,8%).

LTE – **16** мектеп (4,4%)

Спутниктік байланыс арқылы – **6** мектеп (1,6%);

Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында **98** мектеп талшықты-оптикалық байланыс технологиясы арқылы қосылған.

Starlink – сенімсіз, қымбат немесе мүлдем қолжетімсіз болған жерлерде жоғары жылдамдықты кең жолақты спутниктік Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін SpaceX орнатқан жаһандық спутниктік жүйе.

Ел Президентінің тапсырмасы бойынша 2025 жылдың соңына дейін барлық республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында 5G желісін енгізу қажет.

Бүгінде облыстағы барлық мектептер интернетке қосылған. Дегенмен, Интернет жылдамдығы барлық жерде ең төменгі талаптарға сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп «Starlink» геостационарлық емес байланыс жүйесі базасында Қазақстанның орта білім беру ұйымдарының Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып жатыр.

20 Мбит/с жоғары интернет жылдамдығын қамтамасыз етуге техникалық мүмкіндігі жоқ **160** мектептің тізімі әзірленіп, келісілді. Барлық мектеп деректері Starlink жобасына енгізілген.

Интернетке осындай жылдамдықпен қол жеткізу мектеп мұғалімдері мен оқушыларының Kyndelik.kz электронды жүйесінде, Bilimland, Daryn.kz сынды білім беру платформаларында, ұлттық білім беру деректер базасында және т.б. ақаусыз және үзіліссіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасының алшақтығын азайтады.

Бастапқыда бұл жобаға облыс бойынша талшықты-оптикалық байланыс арқылы интернетке қосылудың техникалық мүмкіндігі жоқ елді мекендерде орналасқан **160** ауыл мектебі қосылды, облыстағы 3 мектеп жабылды (Теректі ауданы Ш.Оңашев атындағы БМ, Сырым ауданы Қазақстан БМ, Жәнібек Құрсай БМ).

Шекара аймағында орналасқан **33** мектепте (Бәйтерек - 12 мектеп, Бөрлі – 1 мектеп, Бөкейорда – 1 мектеп, Жәнібек – 6 мектеп, Казталов – 6 мектеп, Тасқала – 4 мектеп, Шыңғырлау аудандары – 3 мектеп) Starlink арқылы интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ, сондықтан бұл мектептерде интернетке бұрынғы қосылған технологиялар (ADSL, LTE, спутник) арқылы қалып отыр.

Бүгінде бұл мектептерде жылдамдықты арттыру бойынша провайдерлермен жұмыс жүргізілуде.

Қазірдің өзінде облыстағы **136** мектепте Starlink қондырғысы орнатылып, іске қосылды.

Облыстағы **365** мектептің **93-і** АБК, **197-сі** - Бизнес әмиян, **48-і** - бастауыш, **15-і** - әлеуметтік осал топтағы балалар жоқ мектептер, **8-і** - облыстық мектеп, **3-і** - болашақ мектебі, **1-і** - кейтиринг.

Облыс бойынша **88** мектепке аппаратық-бағдарламалық кешендерін «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйемен интеграция жұмыстары жоспарланса, бүгінгі таңда облысымызда **93** (106%) мектепте АБК қосылды.

Оның ішінде **11** мектепте «Алақан» АЖ **54** мектепте «Е-асхана», **22** мектепте «ОТАН мектеп», **6** мектепте «QAZBILIM».

Дарынды мұғалімдерді анықтау, олардың кәсіби деңгейін арттыру, шығармашылық белсенділігін ынталандыру, информатика пәні мұғалімдері арасында информатика саласындағы озық тәжірибелер мен жаңа технологияларды насихаттау мақсатында «Сапалы білім сапалы сабақ», « IT teachers», « Цифрлы педагог», « Digital school» шығармашылық байқауы, т.б. бауқаулар өтуде.

Бағдарламалау және ақпараттық технологиялар саласындағы дарындыларды анықтау және дамыту, сонымен қатар информатикаға қызығушылықты арттыру, танымдық белсенділікті ынталандыру және шығармашылық үдерісте ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі дағдыларын дамыту, студенттердің жұмыс дағдыларын меңгеру мақсатында компьютерлік графика және заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету ресурстарын зерделеу арқылы студенттер арасында «My robot» және «R:ED FEST» (робототехника бойынша), «МедиаMob school» (әлеуметтік желілер), «Graphic design» (графика) және т.б облыстық байқаулар өткізіледі.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында информатика пәні мұғалімдер арасында семинарлар өткізуде. Семинарлар мұғалімдерге информатика пәнің оқытудың жаңа әдістерін меңгеруге, тәжірибе алмасуға, білім деңгейлері мен практикалық дағдыларын арттыруға көмектеседі.

Областным центром информатизации и проектирования в образовании запланированы следующие семинары: «Білім беруді цифрландыру: практикалық қолдану тәжірибесі», «Python бағдарламалау тілінде есептерді шешудің тиімді жолдары», «Жасанды интеллект - заманауи көзқарасы», «Робототехниканы оқыту тәжірибесі мен практикасы», «Мектептегі цифрлық трансформация: Мұғалімнің рөлі мен міндеттері», «Batys Digital», «Инновациялық технологиялар және олардың білім процесіне ықпалы» и многие другие.

Сондай-ақ орталықтың әлеуметтік желілерін басқару бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде:

bqo.ciso - инстаграмм страница;

<https://www.facebook.com/profile.php?id=61562388055609> - фейсбук

страница;

<https://www.youtube.com/channel/UCf3VUcVGDXOkMb6YY6xnO3A> -

youtube канал.

